

## Дәріс № 8

### Тақырып: Табиғи және жасанды үлбір материалдарының ассортименти

**Табиғи елтірі** – бұл теңіз аңдарымен үй жануарларынан, елтірі құстардан алынған ірі терілермен ұсақ терілер болып табылады. Табиғи елтір шикізатты, яғни өңделмеген терілерді аң аулау арқылы, үй жануарларымен, мал шаруашылығымен айналысу арқылы алады.

1. Үлпілдек шикізатты - үлпілдек жануарлардың өңделмеген терісін аң аулау мен аң өсіру (бағу) арқылы алады (соболь, куница, песец и. Др.), (бұлғын, сусар, поляр түлкісі және басқалар).
2. Елтірі шикізаты – үй жануарларының өңделмеген терілері (қой, ешкі, үй қояны, құлын және басқалар)
3. Теңіз аңдарының шикізаты – теңіз мысығы, тюлень (итбалықтардың өңделмеген терісі).
4. Құстар шикізаты – гагар, қайр, пеликан (бірқазан), аққулардың өңделмеген терілері жатады. Өңделмеген терілер өте су сіңіргіш, тез бұзылатын және өздерінің физико – механикалық қасиеттері бойынша, үлпілдек – елтірі бұйымдарды өндіруге жарамсыз болып келеді. Үлпілдек – елтірі жартылай фабрикаттары - өңделген, кей кездерде боялып келген терілер, өздерінің физико – механикалық қасиеттері бойынша олардан әртүрлі үлпілдек – елтірі **бұйымдарды дайындауға жарамды болып табылады..**

**Үлпілдек** – елтірі бұйымдарына табиғи елтіріден жасалынған барлық бұйымдар кіреді. (пластина, елтірі).

**Пластина** – жолақтар түрінде тігілген, сапасы бойынша іріктеліп алынған бірнеше бір текті терілер.

**Елтірі** деп – жолақтар түрінде тігілген және сапасы бойынша іріктеліп алынған бірнеше пластиналарды айтады.

Терінің құрылысын екіге бөлуге болады, тұқ жамылғысы және жарғақты беті – шықты (кожевая ткань).

**Мех терілері** түрлеріне қарай жіктеледі, өйткені мех жасалынатын әртүрлі жануарлар терісінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Сонымен қатар мех түкті жабынына, түсіне кемістіктеріне имитациясына және т.б. сипаттарына қарай ажыратылады.

Мех өнеркәсібі құрылымы мен биологиялық белгілері бойынша бір – бірінен мүлде алшақ тұрған 50 –ден аса малдың терісін өңдейді, сондықтан мехтардың бірегей жіктелу стандарты жоқ. Осы себептен аң терісінен жасалатын мехтарға 100-ге жуық стандарт пен ТУ (техникалық шарт) бар.

Мехты өңдеу барысында тері ткані жұмсақтық пен иілгіштікке ие болады және оның су, жылу, химиялық заттар мен микроорганизмдер әсеріне беріктігі артады. Түкті жабындағы өзгерістер негізінен сыртқы түрін жақсартуға мүмкіндік береді.

#### Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Күнделікті ерлер және әйелдер костюмдеріне қойылатын талаптардың маңыздылығы
  - A) тозуға төзімділігі, экономикалық, эстетикалық, технологиялық, гигиеналық
  - B) гигиеналық, технологиялық, эстетикалық, тозуға төзімділігі, экономикалық
  - C) экономикалық, технологиялық, экономикалық, гигиеналық, тозуға төзімділігі
  - D) тозуға төзімділігі, эстетикалық, экономикалық, гигиеналық, технологиялық
  - E) экономикалық, гигиеналық, технологиялық, экономикалық, тозуға төзімділігі
2. Киімнің функционалды талаптар негізін не құрайды
  - A) бұйымға эксплуатация талаптарының және бекітілуінің сәйкестігі, тұтынушының өлшемдік өлшемдік және толықтық-жас сипаттамаларының сәйкестігі
  - B) киімнің көркемдік концепциясы және модельдің жаңалануы және конструкциясы, модель композициясының жоғары деңгейлігі берілген уақытта сәйкес болуы, т.б.

- С) адамның антропологиялық және психофизикалық ерекшеліктеріне киімнің жеке бөліктерінің сәйкестігі, санитарлық-гигиеналық нормаға киімнің гигиеналық сәйкестігі, киім ыңғайлылығы
- Д) белгілі тұтынушы тобының сұраныс сәйкестігі, нарықта киімнің бәсекелестігі
- Е) киімнің эксплуатация кезіндегі сапасының сақталуы, оның беріктігі, форма тұрақтылығы, шыдамдылығы
3. Бұйымдардың пакетінің жинақтаушы материалдарының қолдану мақсатына байланысты қандай топтарға бөлінеді және сәйкес материалдары қалай аталады
- А) 6топ: негізгі (сыртқы және астарлық), аралық, біріктіруші, өңдеуші, фурнитура және жылытқыш
- В) 4топ: негізгі және көмекші(біріктіруші, өңдеуші,фурнитур
- С) 2топ:негізгі және көмекші
- Д) 7 топ: сыртқы мата, астарлық, аралық, біріктіруші, өңдеуші, жылтқыш, фурнитура
- Е) бекітілген классификациясы жоқ
4. Классификацияның қай түрі бұйымды конфекционерлеу кезінде шектеулі өзгеріске ие
- А) стандартты
- В) саудалық
- С) преЙскуранттық
- Д) есептік
- Е) салааралық
5. Талшықтардың бір түрінен немесе құрамында кемінде 10% басқа талшығы бар жіптерден тұратын маталар қалай аталады
- А) біртекті
- В) біртексіз
- С) аралас
- Д) біртексіз-аралас
- Е) күрделі
6. Матаның умаждап немесе қысып ұстап көргенде білінетін сипаттамасы қалай аталады
- А) құрылым
- В) туше
- С) фактура
- Д) текстура
- Е) гриф
7. Маталардың біртегіс фактурасы қандай өрімге берілген
- А) түкті өрім
- В) майда оюлы
- С) жаймалық өрім
- Д) атлас-сатинді өрім
- Е) майда оюлы біртегіс бетті өрім

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.  
<https://new.znaniium.com/read?id=349442>

5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стсльмашснко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>